



ТӨЛЕБИ ТҰЫ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ



№18 (8778) Жұма, 16 мамыр 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Дүйсенбі күні Төлеби ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан әкімі Еркеғали Әлімқұловтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Жиында күн тәртібінде ұсынылғандай 4 мәселе қаралып, талқыланды.

Арендалық тұрғын үймен қамту саласындағы қордаланған қарыздарды бюджетке өндіру, 120 пәтерді тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беру, ауыз суды тұтынып отырған жеке және заңды тұлғалардан төлемдерді өндіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар бойынша аудан әкімінің орынбасары Лесбек Серікбаев баяндама жасады.

ЖҰМЫСТАР САПАЛЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНДЕ ЖҮРГІЗІЛУІ КЕРЕК

Ленгiр қаласындағы мемлекет меншiгiндегi 27 көпқабатты үй, 971 пәтер пайдалануға берiлген. Үмiт көшесiндегi 2 көпқабатты үйдегi пәтерлердiң 71-і өз иелерiн тапты, қалған 49 пәтердiң құжаттары 2025 жылдың 15 мамырында өтетiн комиссия отырысында қаралып, берiледi. Жалға берiлген 740 пәтерге зерделеу жұмыстары жүргiзiлдi. Нәтижесiнде 2017 жылдан берi арендалық пәтерлер қарызы 85 млн 831 мың теңгенi құрағаны анықталды. Жалға алған пәтер иелерiне 2 реттен ескерту хабарламалар берiлдi. Қазiргi кезде жалдау ақысын жылдар бойы төлемей келе жатқан 107 пәтер иелерiне сотқа талап арыз жолданады. Тұрғын үй комиссиясының құрамына өзгерiс енгiзу керектiгiн ескерткен аудан әкiмi арендалық пәтерлердiң қарызын бiр ай көлемiнде 50 пайызын өндiрiп, бюджетке өткiзудi тапсырды.

2025 жылдың 1 мамырына жасақталған есеп бойынша аудан көлемiнде 674 345 текше метр су тұтынылды. «Ленгiр су» мекемесiне ауыз су тұтынушылардың жалпы 49,1 млн теңге қарызы бар. Тұрғындардың ауыз суға қарызын өтеуi қажеттiгi жөнiнде түсiндiрме жұмыстарын жүргiзу сала басшыларына тапсырылды.

Пайдаланылмайтын немесе мақсатына сай пайдаланылмайтын жерлердi мемлекеттiк меншiкке қайтару жөнiндегi жұмыстар туралы аудандық жер қатынастары бөлiмiнiң басшысы Дәулет Исабекұлы хабарлады. Биылғы жылы 5090 гектар жер мемлекет меншiгiне қайтарылады. Аудандағы 85 демалыс аймағының 44 нысаны мақсатына сай емес пайдаланылуда, 27 нысан су қорғау белдеуiнде орналасқан және мақсатына сай емес, 14 нысан демалыс орны ретiнде заңдастырылғанымен, су қорғау белдеуiнде орналасқан. Мақсатына сай пайдаланылмай (игерiлмей) жатқан жер учаскелерiн мемлекет қорына қайтару және жер заңнамасының сақталуы туралы мәселелер бойынша тапсырма берген аудан басшысы арнайы экономикалық аймақ, индустриалды аймақ құру жұмыстарын жандандыру қажеттiгiн ескерттi.

Облыс әкiмi Нұралхан Көшеровтiң Төлеби ауданының тұрғындарымен кездесуi барысында көтерiлген мәселелердiң орындалуы туралы аудан әкiмi аппаратының басшысы Аamalбек Өмiртай баяндады. Хаттамалық тапсырмалардың көрсетiлген мерзiмде орындалуы қажеттiгi нақтыланды.

Құқық қорғау органдарынан келiп түскен ұсынымдар туралы аудан әкiмi аппараты заң бөлiмi басшысының мiндетiн уақытша атқарушы Қайсар Ақылбеков хабарлады.

Аудандық прокуратура тарапынан 3 ұсыным түскен, олардың орындалуы жоспарға сай жүзеге асуы керек.

Аудан басшысы күн тәртiбiнде айтылған негiзгi мәселелер бойынша әкiм орынбасарларына, мекеме, бөлiм басшыларына тиiстi нақты хаттамалық тапсырмалар берiп, мәселелердiң iске асуын өз бақылауында ұстайтындығын жеткiздi. Атқарылып жатқан жұмыстардың сапалы және мерзiмiнде жүргiзiлуi қажеттiгiн ескерттi.

Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы елдің аграрлық дамуына жол ашады

2025 жылы өтетiн Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – ел экономикасының маңызды секторы болып саналатын аграрлық саланың алдағы уақытта даму бағытын айқындайтын маңызды шара.

Санақтың басты мақсаты – ауыл шаруашылығы саласындағы нақты жағдайды анықтап, мемлекеттiк бағдарламаларды тиiмдi жоспарлауға мүмкiндiк беру болмақ.

Ауыл шаруашылығы санағы облыстар мен аудандардағы ауыл шаруашылығы субъектiлерiнiң нақты жағдайын анықтауға көмектеседi. Бұл – жергiлiктi әкiмдiктер үшiн де, фермерлер мен ауыл тұрғындары үшiн де аса маңызды.

Санақ кезiнде егiн, мал шаруашылығы, техникамен жабдықталу, жер пайдалану және ауыл еңбеккерлерiнiң әлеуметтiк ахуалы туралы мәлiметтер жиналады.

Ол деректер ауыл инфрақұрылымын дамытуға, субсидияларды әдiлеттi бөлуге және ауыл халқының өмiр сапасын арттыруға бағытталады.

Сондықтан аудандағы бұқаралық ақпарат құралдарының ауыл шаруашылық ерекшелiктерiн ескерiп, санақ барысын, оның мақсаттары мен қатысу тәртiбiн кеңiнен жариялап, халықты ақпараттандыруда белсендiлiк танытуы үлкен маңызға ие.

Нақты дерек – нақты шешiм. Ауыл дамуы – ел болашағы!

Әрбiр азаматтың қатысуы маңызды – бұл ауданның болашағына қосқан нақты үлес болмақ!

Төлеби ауданының ішкі саясат бөлімі.

Тұрғындардың мәселелері назарға алынды

Апта басында Ленгiр қаласының әкiмi М.Жұмабаев, ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлiгi және автомобиль жолдары бөлiмiнiң



басшысы С.Қалдыбаев, ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлiмiнiң басшысы Қ.Тұрғынбаев, Төлеби аудандық газ тарату бөлiмiнiң басшысы М.Тұрымбетов, Үмiт көшесiндегi көпқабатты тұрғын үйдiң құрылысын жүргiзген мөрдiгер мекеме басшылары жуырда пайдалануға берiлген екi көпқабатты үйдiң тұрғындарымен кездесiп, бiрқатар ма-

ңызды мәселелердi талқылады.

Жиын барысында көтерiлген барлық мәселелер хаттамаға енгiзiлiп, оларды шешу үшiн жауапты мекемелер жұмыс жүргiзетiн болды.

Модульді лагерь жобасы

Биыл Түркiстан облысында алғаш рет модульдi лагерь қолға алынды. Өңiрдiң 5 ауданындағы жазғы сауықтыру лагерьлерiнде 54 модульдiк жатын бөлме, 2 асхана, 4 әжетхана (душымен) орнатылады. Бұл бастама өңiрдегi балалар демалысын ұйымдастыру iсiндегi басты түйткiл – орын тапшылығы мен санитарлық талаптардың сақталмауы мәселелерiн шешуге бағытталған. Модульдiк конструкциялар – қазiргi заман талабына сай, тез орнатылатын, экологиялық әрi тиiмдi шешiм. Бұл тәсiл әсiресе жаз мезгiлiнде балаларды жылдам әрi сапалы түрде жайғастыру үшiн өте қолайлы.

Төлеби ауданындағы «Төлеби нұры», «Тау барысы» және «Балдәурен» лагерьлерiне орнатылатын модульдер бiр ауысымда мыңнан астам баланы қабылдауға мүмкiндiк бередi. Жалпы жазғы маусымда бұл лагерьлерде 10 мыңға жуық бала демалады деп жоспарланып отыр. Қазiргi таңда жатын

орындармен қатар, санитарлық тораптар мен асханалар да дайындалуда.

Бұл маңызды жобаны Түркiстан облысының әкiмi Нұралхан Көшеров тiкелей бақылауға алып, тапсырмалардың уақытылы орындалуын қадағалауды жүктедi. Ал облыс әкiмiнiң орынбасары Бейсенбай Тәжiбаев арнайы барып, лагерьлердiң маусымға дайындығын пысықтады. Ол әсiресе қауiпсiздiк, санитарлық тазалық және тәрбиешiлердiң бiлiктiлiгiне баса назар аударды.

Сондай-ақ, жазғы сауықтыру көшендерiнде ағымдағы жөндеу жұмыстары қарқынды жүргiзiлуде. Балалар жазғы сауықтыру лагерьлерiнде демалып, сонымен қатар тұлғалық, шығармашылық және рухани дамуға бағытталған ойын-сауық, мәдени-спорттық iс-шараларға қатысады. Айта кетейiк, 1 маусымнан бастап балалар үшiн жазғы сауықтыру кезеңi басталады.

«Төлеби-ақпарат».

Достық – бақыт, ынтымақ – ырыс қайнары

Газет 1935 жылы наурыздың 15-інен шығады

ТӨЛЕБИ ТҰЫ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

газетіне жазылыңыздар!

Құрметті оқырман қауым!

«Төлеби туы» қоғамдық-саяси және мұғалімдер мен мектеп оқушыларына арналған «Білім әлемі» газеттеріне 2025 жылдың екінші жартысына жазылу жүргізілуде.

Жазылу бағасы:

«Қазпочта» АҚ арқылы
«Төлеби туы» газеті – 2924,40 теңге,
«Білім әлемі» газеті – 1005,60 теңге;

«ERNUR-press» ЖШС арқылы
«Төлеби туы» газеті – 3030 теңге,
«Білім әлемі» газеті – 1170 теңге;

«Төлеби-пресс» ЖШС арқылы
«Төлеби туы» газеті – 3000 теңге,
«Білім әлемі» газеті – 1100 теңге.

«Төлеби туы» газетінің жазылу индексі – 66744, «Білім әлемі» газетінің жазылу индексі – 66745.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Бурабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда ұлттық құндылық, елдік мүдде, сонымен қатар болашақта атқарылуы тиіс жоспарлар қаузалды. Құрылтай мүшелері өткенді екшеп, болашаққа бағдар жасады. Азаматтық қоғам, мәдениет, өнер, руханият, білім және ғылым, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыға салынды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын өзекті мәселелерді сарапқа салып, өз сөзін қорытындылай келе, жаһанда жүріп жатқан үдерістерге шолу жасады. Қазақстанды кез келген сын-қатерге төтеп бере алатын қуатты мемлекетке



Білім берудегі жаңа бағыт: «Іс-әрекеттегі зерттеу – сапалы мектеп дамуының кілті»

айналдырудың қамы жөнінде ой толғады.

Мемлекет басшысының пікірінше, тәуелсіздіктің 40 жылдығына қандай жетістіктермен жететінімізді, оған дейін қандай тарихи міндеттерді орындауға тиіс екенімізді нақты білу маңызды. Бұл ретте Мемлекет басшысы цифрландыру мен жасанды интеллектіні, энергетика, агроөнеркәсіп секторын және адам капиталын Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлары ретінде атады. Ал бұл салалардың барлығы білім беру саласының дамуына тікелей байланысты деген ойдамын.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі үздіксіз жаңғыру үстінде. Озық елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, біз де білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын іздеудеміз. Соның ішінде соңғы жылдары жиі қолға алынып жүрген – іс-әрекеттегі зерттеу (action research) әдісі. Бұл тәсіл педагогтердің кәсіби дамуына, оқу процесін жетілдіруге және оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды құрал болып отыр.

Біздің мектебімізде де осы бағытта нақты жұмыстар қолға алынған. Мұғалімдер өз тәжірибелеріне сыни көзқараспен қарап, сабақ барысындағы тиімді және тиімсіз тұстарды анықтап, нақты шешімдер қабылдауға үйренуде. Мәселен, биылғы оқу жылында бірқатар пән мұғалімдері оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында іс-әрекеттегі зерттеу жобаларын іске асырды. Олардың зерттеу сұрақтары – оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдысы, математикада логикалық ойлауын дамыту және зерттеу әдістерін оқу үрдісіне енгізу секілді өзекті тақырыптарды қамтыды.

Іс-әрекеттегі зерттеу – бұл жай ғана бақылау емес, ол мұғалімнің оқыту мен оқудағы әрбір әрекетіне негізделген рефлексиялық, мақсатты өзгеріс енгізу процесі. Мұғалім сабағын жоспарлап, өткізіп, нәтижелерін саралап, әрі қарай не істеу керектігін шешеді. Бұл – шынайы кәсіби өсу жолы.

Мектеп басшысы ретінде мен мұндай зерттеу жұмыстарының білім беру ұйымындағы мәдениетті өзгертетініне, ұжымның кәсіби әлеуетін арттыратынына көз жеткіздім. Мұғалімдер енді бір-бірімен тәжірибе алмасып, өздерінің оқыту әдістерін жетілдіруге белсенді қатысады.

Осы бағыттағы жұмысымыз алдағы уақытта да жалғасын табады. Іс-әрекеттегі зерттеулер нәтижесінде жинақталған тәжірибені жүйелеп, оны аудандық, облыстық деңгейде бөлісу – басты мақсатымыздың бірі.

Қорытындылай келе, мектепте жүргізілетін кез келген өзгеріс, жаңашылдық зерттеуге, дәлелге және бірлескен жұмысқа негізделгенде ғана нәтижелі болады. Сондықтан әрбір педагогтің ізденісі мен зерттеуі – болашақтың берік іргетасы деп білемін.

Е.ТЫНЫШТЫҚБАЕВ,

Нысанбек жалпы білім беретін мектебінің директоры.



Ұлттық сана, ана тілі, ата дәстүрі, салты бәрінен биік тұруы тиіс

«...Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ. Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талаптарға сай болуы тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды...»

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінен).

Біздің қатарластарымыз, ізімізді басқан кейінгі іні-қарындастарымыз ес білгеннен кеңестік заман тәрбиесін көріп өсті. Кеңестік жүйе қандай да болсын дінді мойындамады, мүлдем қарсы болды. Қай дінде, қандай да болсын діни уағыз жүргізген адамдарға заң жүзінде қатаң шара қолданылды. Әсіресе ислам дінін ұстанғандар үнемі қатаң бақылауда болды. Тіпті көпшілік ортада ешқандай уағыз жүргізбеген ислам дінінің өкілдері түрмеге қамалды, жер аударылды. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушы К.Маркстің: «Дін – халықтың миын улайтын апиын» деген сөзі ұран етіп алынды.

Ислам және басқа да діндерге қарсы үгіт-насихат жұмыстары қаншалықты белсенді жүргізілді десек те, біздің ауылдың қариялары күнделікті бес уақыт намазын үзбей, жүректеріне иман нұрын ұялатып, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.у.) және оның сахабаларының имандылық жолын ұстанып келді. Біз мектеп жасындағы кезімізде Ч.Дарвиннің іліміне сүйеніп, өзімізді Адам ата мен Хауа анамыздан емес, маймылдан жаралдық деп ойлайтынбыз. Ұстаздарымызға сол кездері: «Мейлі, Дарвин айтқандай, біз өзімізді маймылдан жаралғанбыз деп мойындалық, бірақ сонда неге қазіргі маймылдар адамға айналып кетпейді?» деп те сауал қойғанымыз бар. Сонда мұғалімдеріміз аздап ойланыңқырап барып: «Бүгінгі заманда тіл бітіп, ойы мен санасы жетіліп, бір-бірімен адам сияқты сөйлесе алатын маймылдардың тұқымы мүлдем жоғалып кеткен. Сондықтан маймылдың біртіндеп адамға айналуы әсте мүмкін емес» дегендей жауап беретін. Біз ұстаздарымыздың айтқандарына шүбәсіз сенетінбіз. Ол кездері жоғары оқу орындарының студенттеріне дінді жоққа шығаратын ғылыми атеизм оқытылатын.

Бүгіндері заманымыз түбегейлі өзгерді. Өмірге, қоғамдық ортаға деген мүлдем басқаша көзқарас пайда болды. Өз ойымызды жасырмай, ашық айта

алатындай жағдайға жеттік. Өкінішке қарай, енді ғана өз тәуелсіздігін алған жас мемлекетіміздегі осындай еркіндікті, сөз бостандығын өз мақсатына пайдаланып қалғысы келген діни жат ағымдар мен секталар еркін қимылға көшті. Олар қалаларды айтпағанда, ауыл аралап, адам санасын уландыра бастады. Алғашқы кездері ондайларға «әй дер әже, қой дер қожа» табылмады. Ел арасына іріткі салғысы келетіндер, жоқты бар етіп көрсететіндер жиі ұшыраса бастады. Бұл жақсылықтың нышаны емес еді.

Біздің Ата заңымыздағы еліміздің азаматтарының дін бостандығын пайдаланған түрлі жат ағымдар мен секталар ашық түрде уағыз жүргізіп, әлі де болса білімі аз, ойы мен санасы жетілмеген жастарға, күнкөріс жағдайы төмен отбасыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетіп, қатарларына тартты.

Ана тілінен, ұлттық дәстүрі мен салтынан айырылған халық – ел, ұлт, мемлекет болудан қалады, ашығын айтқанда, жер бетінен біржола жоғалып кетеді. Әлем тарихына назар салсаңыз, көптеген ұлт дәл осындай себептермен сан жағынан басым өзге халықтың құрамына сіңіп кетті. Бүгінгі әлемде ұлт болудан қалған халық саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Олардың арасында түркітілдес халықтар да бар.

Қазақ халқы үшін ислам дінінің алар орны ерекше екендігі анық. Ислам дінін ұстанған әр адам жүрегіне иман нұрын ұялатып, ана тілімізді ардақтап, ата салтымызды, дәстүрімізді көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтарына өнегелі тәрбие беріп, тура жол көрсетуге міндетті. Сонда ғана біздің келешегіміз кемел, болашағымыз нұрлы болмақ.

Н.ҚҰДАБАЙҰЛЫ,
зейнеткер.

Ленгiр қаласы.

● Президент Жолдауына – төлебиліктердің қолдауы

«...Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі. Алайда, орман-тоғайлар жеріміздің 5 пайызын ғана алып жатыр. Табиғаттың әр-алуандығын сақтау үшін біз орман алқаптарын көбейтуіміз қажет. Бұл міндет еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өте маңызды...»

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауынан).

Рас, таулы аймақ пен иен даладан тұратын қазақ жерінде орман алқаптары сирек ұшырасады. Өткен жылдармен салыстырғанда орман-тоғайларымыздың азайып бара жатқандығы шындық. Естеріңізде болса, еліміз егемендік алған алғашқы жылдары өндіріс орындары жұмысын тоқтатып, ауыл шаруашылығы құрылымдары тарап, жекешелендіріліп, жұмыссыздық жайлады. Айлық жалақыны былай қойғанда, электр энергиясы, табиғи газ уақтылы берілмеді. Ауыл

тұрғындарын айтпағанда, қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерде тұратындар ас дайындау үшін қазан-ошақтарын көтеріп, аулаға шығып кетті. Осындай қиын кезеңде ауыл тұрғындарынан бастап жеке бастың қамымен қолдарына ара мен балта алып, орман-

Барымызды ұқсата алмай жүрміз

тоғайлардағы, жол бойына егілген ағаштарға қырғидай тиді. Мұны бәріміз өз көзімізбен көрдік. Қара қазан мен қара баланың қамын ойлап: «Бір тал кессең, он тал ек», – деген ата сөзін еске алмадық. Енді сол қиын өтпелі кезеңнің бәрін артта қалдырып, қайта ес жидық. Қазіргі көңіліміз де, қарнымыз да тоқ заманда сол кезде жол беріп алған олқылықтарымыздың орнын бүгінге дейін толтыра алмай келеміз.

Мен ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жыл бойы еңбек етіп зейнеткерлікке шықтым. Біздің Төлеби ауданының жері өте құнарлы, не ексең де көктеп шығады. Бар болғаны жаңадан егілген көшеттерге уақытылы ылғал сіңіріп отыру, иесіз бос жүрген малдан

қорғау керек. Өздеріңіз де көріп, куә болып жүрсіздер. Жыл сайын көшелерге, жол бойларына қаншама шыбық шаншығанымызбен, шілдеге жетпей құратып алып, еңбегіміз еш кетуде. Көшет сатып алуға жыл сайын бюджет есебінен қаншама қаржы жұмсалып, халықтың қаржысын босқа желге ұшыраудамыз. Қолдағы барды

ұқсата алмау деген осы болады. Мен күз айларында тауға шығып, емдік қасиеті бар жабайы жемістерді, өсімдіктерді теріп әкеліп, қажет болған жағдайда денсаулық үшін пайдаланатыным бар. Біздің ауылдағы ағайындар емдік қасиеті бар өсімдіктер есігінің алдында өсіп тұрса да, оны үзіп алу былай тұрсын, бұрылып та қарамайды. Бұл да барымызды ұқсата алмауға жатады. Соңғы жылдары мал табанына тапталып, сол емдік қасиеті бар өсімдіктеріміздің саны да біртіндеп азайып барады. Табиғат анамызға осы уақытқа дейін қамқорлық жасай алмай жүргеніміз мені қатты алаңдатады.

М. ТІЛЕУБЕРДІ,
зейнеткер.

Тасарық ауылы.

«...Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті көңіл бөлінбей келді...»

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінен).

Ал енді біздің ата-бабаларымыз ежелгі замандардан бері баласын өмірінің бар мәніне, қызығына, бар асылына санаса, ежелгі Римде әке билігі бәрінен жоғары тұрды. Жаңадан дүниеге келген сәбидің өмірін сақтап қалуы немесе сақтап қалмайтыны тікелей әкенің еркінде болды. Тіпті ол өмірге келген өз баласын сыртқа лақтырып тастай сала ма немесе құлдыққа сатып жібереді ме, ол жағы өз еркінде болды. Турасын айтқанда, әке іс жүзінде балаларының

● Бақытты балалық – елдің жарқын болашағы

Бір жылдың өзінде Қазақстанда 2000-ға жуық бала отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған көрінеді. Балаға күш көрсетудің 80 пайызы үйде жасалса, 10 пайызында зорлау әрекетіне жол берілген. Бір таңқаларлығы, балаларға зорлық жасаушылардың дені өгей ата-аналар мен бір үйде уақытша тұрып келген бөтен адамдар екен. Ал қалған 20 пайыз зомбылық балалар

шапқылап «сотқа беріп көкенді көрсетемін» дегендей қырғын салатынын есітіп жүрмін. Егер бұл жел сөз рас болса, онда біздің балаға отбасында, мектепте дұрыс тәлім-тәрбие беріп, тәртіпке шақырамын деп жүргендеріміздің бәрі бос сөз. Соғыста қатаң тәртіп болмаса, жеңіске жету мүмкін емес, балаға білім мен тәрбие беруде де қатаң тәртіп пен талап, жауапкершілік болғаны жөн деп

Тал бесігін тербетіп, кие тұтқан ел едік

Баршаңызға мәлім болса керек, осыдан бірер жыл бұрын елімізде баланың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы жобасы қызу талқыға түскені мәлім. Сондай-ақ 2020 жылдың мамыр айынан бастап балалар құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамалық актілерге енгізілетін өгерістер Парламент мәжілістерінде талқыланғанын да ел жақсы біледі. Меніңше, бойында нағыз қазақтың қаны ойнаған жандардың бәріне бала құқықтарын қорғау жөніндегі түрлі пікірлер мен әңгімелерді айтпағанда, осы бір ауыз сөздің өзі құлаққа түрпідей тиіп, біртүрлі оғаштау естілген болуы әбден мүмкін. Себебі ұл-қыздарын көзінің қарашығындай қорғап, перзенттерін «Сенің табаныңа кірген шөңге, менің маңдайыма кірсін» деп аялап өсіретіндіктен бұл қазақтың өзінен туған перзентін айтпағанда, өзіне қастық ойлаған жауының баласына да жәбір көрсетіп, жапа шектіруі әсте мүмкін емес. Сондықтан «балаға зорлық-зомбылық» көрсету деген сөздің өзі қазаққа түрпідей тиетіні анық.

Сөздің ашығына келсек, «Адамның бір қызығы бала деген...» деп ұлы Абай ақын жырға қосқандай, біздің ата-бабаларымыз әрісі сонау біздің жыл санауымыздан бұрынғы сақ, ғұн замандарынан бері өмірге келген перзенттерін ұл немесе қыз баласы деп бөліп жарып қарамай алақанына салып, аялап өсірген. Оны айтасыз түрлі жағдайларға байланысты ата-аналарынан бірдей айырылып, тұл жетім қалған балаларды қандас туыстары қамқорлыққа алып, өз перзенттерінен кем етпей өсіріп, қыз бала болса, жасауымен ұзатып, ұл баланы үйлендіріп, өз алдына отау тігіп, еншісін берген. Әрине, адам болған соң ол алдымен періште емес, пенде ғана. Бар адамның жаратылысы бірдей бола бермейтіні аян. «Әр ауылдың бір тентегі болады» демекші, жетім қалған бала тәрбиесіне, қамқорлығына қатысты қандай да болсын жайсыз жағдай кездескен жағдайда, ел ағалары, ауыл қариялары сол «тентектерін» тезге салып, тиісінше шара қолданып отырған. Оны айтасыз, қазақтың қайсы бірі болса да, тіпті бүкіл елге әйгілі батырлардың өзі бір-бірімен достығын, туыстығын нығайта түсу үшін бірінің баласын екіншісі қолына жілік ұстатып, бала етіп алған жағдайлар жиі ұшырасқан. Қазақ баласын бауыр етім деп санаған. Ұл бала немесе қыз бала деп бөліп жарып қарамаған. Қайта қыз баласын «жат жұрттық», «уақытша қонақ» деп, оны барынша мөпелеп, алақанына салып, аялап өсірген. Егер қазақ ауылына тосыннан жау шапқан жағдайда, бар дүние мүлкіне, тіпті алтыны мен күмісі болса да бұрылып қарамай, ең алдымен бала жатқан тал бесікті аман сақтап қалуға ұмтылғанының өзі болашағын ойлағандық деп ұғыңыз. Дұшпандарына қарсы қандай сұрапыл шайқас болсын «Жауға салма жалғызды» деген ұстанымды берік ұстап, бір шаңырақтың түтінінің мәңгі өшіп қалмау жағын қарастырған. Ұлы дала көшпенділерінің ешбір халыққа ұқсамайтын, атадан балаға жалғасып қанға сіңген асыл қасиеттерін бойға сіңіріп өскен бүгінгі замандастарымызға бала құқы жөніндегі бір ауыз сөздің құлаққа жағымсыз естілуінің бір себебі осында жатса керек.

шексіз билеушісі еді.

Европаны айтпағанда, біздің ата-бабаларымызбен іргелес өмір сүрген ежелгі Қытайда отағасы отбасының билеушісі ретінде айқындалды. Көне заманда Қытайда әке үлкен баласынан басқасының бәрін кімге де болсын қорадағы өз малындай құлдыққа сата алатын еді. Осылайша әке балаға өз қаны болса да, перзенті емес, мүлкі ретінде қарады. Тіпті атасы мен әжесі немересінің бірін жазалап, ұрып-соғып өлтіріп қойған жағдайдың өзінде жазаға тартылмайтын еді. Мұндай сорақылық аспан асты елінде XIX ғасырға дейін сақталып келді.

Ежелгі заманнан біздің дәуірімізге дейін әлем елдерінде баланың құқықтық мәртебесін қорғау қозғалысы ұзаққа созылды, бұл әрбір жеке елде өзіндік серпінге ие еді. 1924 жылы Ұлт Лигасы баланың құқықтары туралы Женева декларациясын қабылдады. Ал 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары декларациясын қабылдады, 1979 жыл «Халықаралық балалар жылы» деп жарияланды. Бұдан соң он жыл өткенде, дәлірек айтсақ 1989 жылы 20 қарашада Бас Ассамблеяның 44/75 қарарымен «Баланың құқықтары туралы» конвенция қабылдап, бұл 1990 жылы 2 қыркүйекте күшіне енді.

Біздің қазаққа жемқорлықтан, паракорлықтан бастап болмысымызға мүлдем жат әдеттердің бәрі де сырттан келуде. Кеңестер Одағының құрамында болған жылдарда арамды ана тілі мен дәстүрін, салтын мүлдем ұмытқандар баршылық. Қазақстанда тәуелсіздіктің туы желбірегеніне 30 жыл болса да, бүгінге дейін түп-түгел қазақтана алмай отырғанымыздың өзі естіген елден ұят. Сондай-ақ Қазақстанда патшалық Ре-

сыртта жүргенде жасалған.

Балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері де ұшырасатыны белгілі. Бүгінге дейін балалар арасында кездесетін суицидтің 80 пайызының себебі нәліктен екендігі анықталмапты.

Балаларға зорлық-зомбылық жасаушылар жөнінде 130 мыңнан астам шағым түсіп, 3 мыңнан астам қылмыстық іс қозғалып, 30 мыңнан астам адам жауапкершілікке тартылған.

Бұл деректерден бір байқайтынымыз, жоғарыда айтқандай, балаларға зорлық-зомбылық көрсетушілер негізінен өгей ата-аналар мен маскүнемдікке салынғандар және отбасында уақытша тұрып келген жат адамдар. Олардың арасында бұрын істі болғандар да бар. Ондай дұрыс жолдан тайған адамдар балаларға ғана емес, бүкіл қоғам үшін қауіпті. Сондықтан бала құқықтарын қорғау жөнінде заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу өте орынды деп ойлаймыз. Бетімен кеткен жүгенсіздерге қатаң заң қолдану қажеттігін бүкіл қоғам қолдайтыны сөзсіз.

Енді бала тәрбиесіне қайта оралайық. Бұрынғы қазақ баласын молдаға қара танысын деп оқуға бергенде: «Еті сенікі, сүйегі менікі» деп тапсыратын көрінеді. «Аюға намаз үйреткен таяқ» демекші, молдекең сабақ оқуға құлқы жоқ, жалқау шәкірттерін қанша сабаса да, сынбайтын солқылдақ көк шыбықпен құйрықтан шықыртатын көрінеді. Мұндай «зомбылықты» өз көзімізбен көрмесек те, үлкендерден естігеніміз, кітаптардан оқығанымыз бар. Біз де кезінде бала болып мектепке бардық. Баланың аты қашанда бала. Кезінде артықтау кеткеніміз де бар. Оны жасыра алмаймыз. Тәртіпсіздік жасасақ, ұстаздарымыз

ойлаймын. Ұстаздың шәкіртін тәртіпке шақыруы ешқандай зомбылыққа жатпаса керек. Халқымыз «Әкесі ұрған ұл оңар, шешесі ұрған қыз оңбас» деген мақалды тегін айтпаса керек. Жалпы, бала тәрбиесіне қатысты қазаққа айтар ойы мен мазмұны бір кітапқа татырлық небір аталы, баталы сөздер бар. Сол тұрақты сөз тіркестерінің кейбірін естеріңізге сала кетейін:

Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.

Балаң болса, шоқ болсын,
Шоқ болмаса, жоқ болсын.

Бала күлкіге тоймас,
Жаман ұйқыға тоймас.

Бала өз нәпәқасын өзі ала туады.

Ұл ұяты – әкеге,
Қыз ұяты – шешеге.

Балалық шағы – ханның тағы.

Кіші баланың ұятын үлкен бала көтереді.

Ағаға қарап іні өсер.

Жылауық болса да, баланың бары жақсы,

Бақырауық болса да, түйенің бары жақсы.

Жалпы, халқымыз «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деп те тегін айтпаған. Бұқаралық ақпарат құралдарынан коронавирус індеті бүкіл әлемге тарап, шектеу шаралары қолданылғалы бері шет елдерде, оның ішінде біздің елімізде де аналарға, балаларға зорлық-зомбылық көрсету саны бұрынғыдан артып отыр деген сөзді құлағым шалып қалды. «Жау жағадан алғанда, бәрі етекпен шалады» демекші, бұл да жақсылықтың нышаны емес.

Арамды кездесетін қандай да болсын жат әдеттерге, қылмыстық әрекеттерге жол бермеуде қоғамдық ортаның алар орны ерекше деп ойлаймын. Билік өкілдерін, құқық қорғаушыларды айтпағанда, ел арасында тәртіптілік пен жауапкершілікті сақтауда, ауызбірлікті нығайтуда, ортамыздағы көпке сыйлы қариялардың, ел ағаларының, зиялы қауым өкілдерінің алар орны ерекше деп ойлаймын.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміз халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауындағы: «...Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашанда ерекше. Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған. Адамға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел ағалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған. Біз қанымызға сіңген осы қасиеттен айрылмауымыз керек...», – деген сөзі көпшілікке ой салар деп сенемін. Бұл біз көтеріп отырған өзекті мәселеге де тікелей қатысты екенін естен шығармайық.

О.ҮСПАЙҰЛЫ.



сейдің отарлауынан бастап кеңестік дәуірдің әр кезеңдерінде түрлі себептермен, еріксіз және өз еркімен көшіп келген тілі, салты мен діни нанымды бөлек көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері тұратынын білесіздер. Ынтымағымыз жасып өмір сүріп, тірлік етіп жүрсек те, елімізде кейбір отбасыларда балаға қиянат жасалған оқиғалар орын ала бастағандықтан, бала құқықтарын заң жүзінде қорғауға тура келіп отыр.

Сөзіміз құрғақ болмауы үшін біздің елде де бүгінгі заманда жеке басының қорғалуын қажет ететін бүлдіршіндер мен көмелет жасына жетпеген жасөспірімдер барын жасыра алмаймыз.

бұрынғының молдаларындай көк шыбықпен құйрықтан шықыртпаса да, құлақтан тартып болса да, өздерінше «жазалап» алатын. Ұстаздан таяқ жегенімізді ата-анамызға айтып бармайтынбыз. Егер айтып барсақ, мұғалімнің айтқанын орындамағанымыз үшін өзіміздің тағы да таяқ жеуіміз әбден мүмкін еді. Бауыржан батыр айтқандай, бала болсақ та, ұстаз алдында тәртіпке бас идік, бірақ құл болмадық, адам болып шықтық. Ал бүгінгінің кейбір ата-анасы бұзақылық, тәртіпсіздік жасаған баласына ұстазы қол жұмсау былай тұрсын қаттырақ дауыс көтеріп қойса, мектепке

«Ерлік ескерусіз қалмауға тиіс»

Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының әлі де ашылмаған сырлары мен қырлары туралы

Тараз қаласындағы Бауыржантану ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі, белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Бекет МОМЫНҚҰЛМЕН сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.

– Бауыржан Момышұлының 110 жылдығы мерейтойы үстіндегі сұхбатыңызда «Кубада, Испания мен Израильде, мына өзіміздің Түркияда Бауыржан Момышұлының әскери ілімі кадеттерден бастап ірі әскери құрамаларға дейін оқытылады. Ал біздің әскер үшін ол пәндер әлі күнге дейін таңсық саналып келеді», деп айтқаныңыз есімде сақталып қалыпты. Осы орайда сізге қояр бірінші сауалым – бүгінгі біздің әскердегі ахуал қалай? Бұл арада, әрине, Момышұлының әскери ілімінің маңызы шексіз екені даусыз...

– Біздің жоғары әскери оқу орындарына Бауыржан Момышұлының пәндері әлі таңсық. Оқытылып жатқан жоқ. Рас, батыр атындағы әскери салаға бейімделген мектептер мен кадеттерде Баукең дәрісі шама-шарқынша оқытылып жатыр. Бұрынғы айтып та жазып жүрген дерек-дәйектерімізге бір ғана жаңа мысал қосайыншы: Бауыржан Момышұлымен Калинин қаласындағы Жоғары әскери академияда курсанттарға бірге сабақ берген полковник Петр Зельманович Горелик деген әскери ғалым болған. Сол кісінің «Бауыржан Первый» деген эссесін оқыдым. Ол былай дейді: «1946 жылы Қытай Халық Республикасы өзінің Қарулы күштерін жаңадан жасақтап жатқанда әскери құрамдарда «Волокалам тас жолы» кітабын Жарғы ретінде пайдаланған...» Басқа алып-қосарым жоқ.

– Түсінікті. Беке, жалпы сіз жетекшілік жасайтын орталықтың әскери ұйымдармен байланысы бар ма? Мектеп жасындағы жас буын өкілдерімен ше?

– Таяуда облыс аумағындағы шекара әскері бөлімшесімен тұңғыш рет кездестік. Оған ардагерлер, студенттер, жас ұстаздар қатысты. Сәт Қуантай деген жап-жас ұстаз Бауыржан Момышұлы туралы жинаған деректерін ортамызға жайып салып, таңғалдырды. Жас жауынгерлер оған сондай риза болды. Осы кездесу тамызық болды-ау деймін, орталықтың атына тағы үш әскери ұйымнан шақырту түсті.

Бауыржан атамның туған жері Жуалыдағы жалғыз музейінің жетекшісі халыққа етене жақын таныстыру мақсатында «Көшпелі музей» іс-шарасын өткізіп жүрміз. Осы күнге дейін облыстың сегіз ауданын араладық. Бұл іс-шараларға Жуалы ауданының әкімі Жалғас Мұртаза айрықша қол ұшын бергенін атап өткім келеді. Мектеп оқушыларымен батырдың рухын алға тартып өткізген кездесу сәтіндегі балалардың көздерінен от ұшқынын көргендегі таңданысымды бір сөзбен жеткізу мүмкін емес шығар. Есіңізге алыңызшы, неміс фашистерімен шайқаста қазақтың жасөспірімдері жасына 2-3 жас қосып, майданға өз еріктерімен аттанды емес пе? Даңқты ардагердің өмір тарихына үңіліп, зерделеп көріңіз, солардың дені – Отан қорғауға жасын жасырып аттанғандар. Байқадыңыз ба, Отанын қорғауға деген, ұлтшылдыққа, патриоттыққа деген тәрбиенің бастау жолы қайда жатыр?

– Сізбен келісемін. Даңқты академик Әбдуәли Қайдары ағамыз да майданға мектепте жүрген жерінен жасын

ұлғайтып барған. Әкесі екеуі бір майданда, бір шепте соғысқан, бірақ бір-бірінен хабарсыз болған...

– Көрдіңіз бе! Қазір бізде балалар кітап оқымайды, телефоннан, яғни интернеттен түспейді деген жалпылама пікір қалыптасқан. Жоқ, олай емес... Біз әркез мектеп оқушылары мен ауылдағы соғыс ардагерлерінің соңғы тұяқтарының басын қосып, кездесу өткіземіз. Аға буынның бұл өкілдері – Баукеңнің көзін көрмегенмен, ол туралы кітаптан оқып, ақиқат пен аңыздың аражігін ажыратып үлгергендер. Олар ойларын ортаға салғанда жеткіншектер ұйып тыңдап қана қоймай, кәдімгідей жігерленіп қалатынын талай байқадым. Бірде жетігер-антиквариатқа бөгде адамның саусағын да тигізуге болмайтынына қарамастан, жалындап тұрған бозбалаға Бауыржан атамның майдандағы офицерлік шекпенін кигіздім. Сондағы балаң жігіттің шаттанған сәтін көрсеңіз! Насихат пен үгіттің адам айтқысыз тектоникалық күшқуаты болады, білесіз ғой...

– Негізі, Беке, сіз бен біз кітап оқуға «көндігіп» өскен ұрпақ өкілдеріміз. Қазіргі жастарымыздың кітаптардан гөрі телефон арқылы ғаламторға үңілуге үйір екені рас қой?

– Рас, бірақ, бір мысал айтайын... Кеңес одағында, зерттеулерім бойынша, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұядан» бастап, «Куба әсерлері» бар, «Москва үшін шайқасы» және басқа шығармалары бар, барлығы бірінші және кейін қайта басылғандарын (30 мың, 60 мың, 120 мың данадан!) қосқанда 2,5 миллионнан астам данамен жарық көрген екен. Ал бүгінде мүйізі қарағайдай атақты жазушыларымыз кітаптары 1000 данамен шықса, соған мән. Мұны айтып отырғаным, кітап оқылмайды емес, оқылады, жастар да бейім, өкініштісі сол, кітап оқырманына жетпейтін секілді. Соңғы бес кездесуден осыны анық байқадым.


– Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына орай мемлекет қомақты қаржы бөліп батырдың 30 томдық жинағын шығарды. Ол іс-шара жалғасын тауып та отырған шығар?

– Сөзіңіз аузыңызда, жуырда сол 30 томдықтың жалғасы деп қосымша екі томдық кітап шығыпты. Тысында әдеттегідей «Бауыржан Момышұлы» деп жазылған. Ішінде Бауыржан Момышұлының авторлық бір дүниесі емге жоқ. Көптомдық жалғасының коммерцияға айнала бастағаны шығар. Сол үшін мен Бауыржан атамның аруағынан көшірім сұрап «Жас алаш» газетіне мақала жаздым. Неге? Өйткені әлгі коммерсанттар редколлегия мүшесіне бұрынғы томдықтардағы секілді менің аты-жөнімді бадырайтып жазып қойыпты...

Бір қуаныштысы, «Жамбыл облысы – кітап оқитын өңір» деген жақсы бастама жарияланды. Нағыз насихат деп осыны айтамын. Бұл енді елдің барлық аймағына жұғысты болсын деп тілейік.

– Беке, кітап туралы сөз қозғап қалдық, мәселен, мемлекет тарапынан қаражат бөлінді делік. Бауыржан Момышұлының үлестіргенде пышақ үстінде тарайтын кітаптарының аттарын атап көрейікші?

– Біріншісі – «Соғыс психологиясы» кітабы. Бұл Баукеңнің кезінде орыс тілінде (қазақшасы – «Қанмен жазылған кітап»), әскери аудиторияларда «қаны сорғалап тұрып» оқылған лекцияларының негізінде жазған еңбегі. Қазақша аудармасы ешқандай мағына беріп тұрған жоқ.



Маған ұнамады. Тақырыбы соғыстағы адамның – солдаттың, офицердің майдан шөбіндегі жауынгерлік өмірі. Ендеше, нағыз қазақша атауы да солай «Соғыс психологиясы» деп сақталуға тиіс. Міне, сол кітап оқырманға қас пен көздің арасында таралады. Керемет кітап. Соғыста солдат алдымен қандай тәрбие көруі керек, оған командир қалай тәрбие беруі керек? Одан әріде екеуі де ол соғысқа қалай бейімделуі керек деген терең ұғым жатыр. Ол үшін командирдің қандай тұлға болуы шарт. Қорқыныш деген не? Шығармада жай азаматтық болмыстағы адам мен әскери өмірдегі жауынгердің шынайы өмірге деген көзқарастары ашылып, айқындалып тұр.

Екінші кітап – «Москва үшін шайқас». Архивтен тапқан бір олжам бар: өмірде Мұқан Омарбаев деген подполковник болған. Атақты жазушы-майдангер Әзілхан Нұршайықов ағамызбен бір полкте соғысқан. Сол кісі: «Москва үшін шайқас» – нағыз ерлік кітабы, елдік кітабы, сонымен бірге мен оны адалдықтың, адамгершіліктің, отаншылдық жарғысы деп білемін. Әскерге қабылданған әрбір жауынгерге, тіпті офицерге осы кітапты алдымен оқытар ма еді деп ойлаймын. Жоғары әскери оқу орындарда, әскери кафедраларда оқытса болар еді. Мұның ішінде тактика да, тәжірибе де, ұрыс та, ұтыс та бар. Бұл әскери жарғыға пара-пар әскери ілімнің жиынтығы. Бұл – Жеңіс кітабы. Әр тарауы – әскери ғылым, азаматтық ілім. Біздің солдат болған кезімізде мұндай кітап болған жоқ. Қорғанысымызға мәңгілік үлесі бар кітап», дейді. Көрдіңіз бе?

Үшінші кітап – «Волокалам тас жолы». Баукең әлгі айтқан «Соғыс психологиясы» кітабында, орыс тілінде: «Вы читали мою книгу «Волоколамское шоссе?» дейді. «Менің!...» дейді. Иә, ол жөнінде әр деңгейдегі мінберлерден айтылып, БАҚ-та жазылған, құптайтын тарихи құжаттар жетіп артылады. Даңқты кітаптың авторы Александр Бек болғанмен, нақты жазушысы – Баукеңнің өзі!

– Біздің ұғымымызда Бауыржан Момышұлы қоғамда әскери адам,

даңқты тұлға ретінде танылды. Баукең туралы естелік жазбаған, сыр шертпеген, эссе жазбаған ақын-жазушы қалмады. Бәрі жазды. Былай қарасаң, күні бүгін Бауыржан Момышұлының адами толық бейнесі жасалынып, жеке портреті бар қырынан ашылған, айқындалған сияқты, солай ғой?

– Жоғарыдағы барлық бауыржантануға үлес қосушылардың ешқайсысының жазу-сызу дүниесінде «Бауыржан неге соншама шыншыл адам болған?» деген сауалға жауап берілмеген. Бәрі таңғалумен, бәрі тамсанумен шектеледі? Бауыржан өмірде өтірік айтпайтын, тек шындықты ту етіп ұстайтын, бірбеткей тік мінезді адам. Өзіне таяқ болып тисе де, тимесе де тек ақиқатты айтқан. Сол адалдықтың, шыншылдықтың түпкі сырын осы күнге дейін ешкім ашып бере алған жоқ. Бұл қасиет Баукеңе қайдан келген, қайдан жүкқан?

Осыдан біраз жыл бұрын Баукеңнің немересі, қазіргі тікелей жалғыз мұрагері, немере інім Ержан Бақытжанұлынан атамның қаралмай жатқан бір бума архивтік құжатын сұрап алдым, асықпай парақтай отырып, тірнектеп деталь жинап, жұмыс істедім. Сол бумадан сарғайған бір жарым парақ Бауыржан атамның қолжазбасын тауып алдым. Орыс тілінде жазылыпты. Тақырыбы «Біз интернатта оқып жүргенде» деп аталады. Батыр атам не жазса да, жазған дүниесінің соңында айы-күнін қоюды ұмытпайтын, мына парақта жазылған уақыты көрсетілмепті. «Интернатта оқыған кезімізде біздің барлығымызда бір паспорт болды» дейді сонда. Дейді де оны былай саралайды, «олар – кедейдің баласы, мәңгілік батрақтың баласы немесе тас жетім». Баукең 1921 жылы Әулиеатадағы Аса интернатына Жуалыдан келіп оқуға қабылданған ғой. Өте ауыр кезең. Интернаттағы он-он екі жасар балалар оқудан шығып қалмауы үшін өтірік айтатын болған. Яғни «Байдың малын баққам, байдың балалары мені ұрып-соққан» дегендей. Ол ол ма, балалар

қатарластарын «қаралап», ол батрақтың баласы емес, байдың тұқымы деген сияқты құлақтандыруларды мұғалімдеріне «жеткізіп» тұруға бейімделген, яғни бейімдеген. Бай отбасынан шыққан балалар интернаттан бірден қуылған. Қызық болғанда, бірде сол интернатқа Момыш атам келмей ме, Әулиеатаға? Бес-алты баланы мұғалімінен сұрап алып қаладағы бір шайханаға апарып, тамақтандырады. Қайтар кезде екеуара әңгімеде баласы Момыш атама келесі келгенде «Менің балам байға жалшы болған» деген ауыл-кеңестен бір жапырақ анықтама әкелуін өтінеді. Атам аң-таң, «Бұл не, қайдан шыққан әңгіме?» деп сұрайды. Баласы мән-жайды жасырмай айтады. Әкесі үндемей тыңдайды. Артынан «Балам-ау, сен неге басыңа жамандық шақырып отырсың? Біз тұқымымызда байдың малын бақпадық, бөтен адамға жалшы болмадық. Есінде болсын, өтірік айту – Құдай алдында үлкен күнә. Адам шыншыл болуы керек», дейді. Сонда 12 жасар зерек оқушы Бауыржан «Ата, егер мені оқудан шығарып жіберсе қайтеміз?» дейді. Әкесі «Шығарса шығарады да, енді не істейміз, үйге қайтып келесің. Бірақ, балам, өтірік айтушы болма, – дейді. – Адамдарды алдау – ұят!» Міне, екенің баласына берген өмірлік сабағы, адалдық сабағы! Сол сары қағазда сақталған Баукеңнің өз қолымен жазған мына бір жолдарды оқып берейін: «Әкем сол күні маған өтірік айтпаудың қорқынышты емес екенін, ал өтірікші атанудың нағыз қорқыныш үйіретінін түсіндіріп, мені ешқашан да өтірік айтпауға көндірді, сендірді. Егер менің өтірігімді еститін болса, маған қатты ренжитінін де ескертті», дейді. Мектеп те қарап жатпай жылына екі рет балалардан әлеуметтік тегі туралы «есеп» алып тұруды ұмытпаған. Сонда бала Бауыржан орнынан тұрып, «Біздің қозысымен қосқанда отыз қойымыз, бұзауын қосқанда екі сиырымыз, бір жылқымыз құлынымен бар» деп шындықты шырылдатып айтып тұрған... Әке сөзі өмірлік сабақ болған. Баукеңнің майдан шебіндегі айтылатын «Басыңа өлім қаупі төніп тұрса да, шындықты айтудан қашпа» деген нақыл сөзі содан қалған.

– Беке, сіз тағы бір сұхбатыңызда архивтен Бауыржан Момышұлы айтқан «Екі мәрте батыр, қос шенді генерал» құжатына қол жеткізсек, бауыржантану ілімінде тарихи төңкеріс болады» деген едіңіз. Архив не дейді?

– Бауыржан Момышұлының жыл соңына қарай аталып өтілетін 115 жылдығына дейін осы сауалға өзім де жауап табуға талпынып жатырмын. Табылып та қалатынына сенімім жетеді. Мәселен, соғыс кезінде жоғары шенді қолбасшыларға батыр атағын беру үшін алдымен ұлттық республикалардың Жоғарғы кеңесі президиумының қарауына үміткер туралы кепілдеме жіберіп, олардың келісімін алатын тәртіп болған. Өзбекстанға генерал Сабыр Рахимовтің кепілдемесін жіберген кезде өзбек ағайындар «ол қазақ деп іштарлық жасамай», бірден «өте жөн» деген мінездеме жіберген. Ал біздің Баукеңе қатысты Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі президиумына Мәскеуден келген кепілдеме құжаттың көшірмесі бар да, қайтқан ізі жоқ.

Мәселен, 1944 жылғы Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің Баукеңе жазған бір емес бірнеше хатын сүзіп оқып шықтым. «Бауыржан Момышұлы Қазақ КСР-нің наркомы болсын» деген кепілдеме хатқа қатысты, батыр жазған хаттың бірінің қысқаша мазмұнына тоқталып өтейін: «Бауке, Алматыда жүріп мен осындағы азаматтардан қорықтым, – дейді ол. – Өйткені олар бізден қорқатын сияқты. Бұл шенеуніктер «Ертең соғыс біткенде бұлар (М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы...) Алматыға ке-ліп біздің орнымызды тартып алады» деп ойлайды. Сол

себепті бұлар бізді Алматы түгілі Қазақстанға жолатуға қарсы» дейді. Бұл жазбалар әлгі жоғарыда айтқан 30 томдықтың ішінде хатталған. Менің ақиқаттың түбіне жету үшін архивтен-архивке барып, шаң басқан қағаздарды ақтарып, «ақ тер, көк тер» болуыма Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин ағамыздың осы хаты себепші. Болмаса, 45 пен 46-ның арасындағы қылшылдаған жасында, қаһармандығын күллі әлем мойындаған Момышұлы зейнеткерлікке неге өте ерте шықты? Қазақстанда «қызмет» табылмағаны ма? Ойландыратын жайт. Біз тарихтан сабақ алуымыз керек. Қазір архивтерді қаузап ақтарған сайын Бауыржан Момышұлы шовинистік саясаттың құрбаны болды деген сөздің өзін айтуға ойланып қалып жүрмін. Әрине, «ұлы ресейлік шовинистік пиғылдың» болғаны ақиқат, ол туралы тарих бетіндегі «ақтаңдақтардан» анық байқаймыз да. Дейтұрғанмен, тағы бір айтқым келетін жайт, генерал Панфилов Баукеңді «Ленин» орденіне ұсынды, генерал Серебряков бір емес екі рет (!) Кеңес Одағының батыры атағына ұсынды, генерал Чистяков Баукеңді генералдық қызметке – дивизия командиріне ұсынды... Шындыққа, түбі жетуіміз керек.

– Соңғы жаңалықтардан Жеңіс күнінің қарсаңында Тараз қаласында Бауыржан Момышұлы музейі ашылады деген қуанышты хабарды құлағымыз шалды. Құтты болсын!

– Ол рас, айтулы күннің құрметіне орай қаламызда Бауыржан ағамыздың музейі ашылады. Тараздағы батыр музейіне, Зейнеп жеңешем мен Ержан Бақыт-жанұлы бауырыма мың алғыс, атамның үйдегі көздің қарашығындай сақталған біраз мүлікті тапсырды. Бауыржан атамның кейде мауқын басып, саз шақырып ойнайтын сүйікті пианиносын да алып келдік. Сегіз қырлы бір сырлы болған ғой атамыз. Тарихи құжаттардың барлығын (аудио-видео таспалар, веб-сайт материалдары, қолжазбаларға дейін) үнемі түгендеп, еселеп қосып отырамыз.

Соғыс тарихында «жабайы дивизия» деген атауды алғаш айтқан немістің генерал-фельдмаршалы Эрих Гепнердің «Қазақтар соғыста ешқандай әскери жарғыға бағынбай соғысады. Ажалдан да қорықпайтын адамдар» деген жәдігер сөзін таптық. Оның Бауыржан Момышұлы туралы дивизия қолбасшысы Фон Брукке, тіпті Гитлердің өзіне де жеке жазған хаты бар дейді. Интернеттен шала-шарпы, жетімсіз дүниелер шықты. Түпнұсқа құжат неміс архивінде болуы әбден мүмкін. Сол себепті немістердің мемлекеттік архивіне хат жолдадық. Екінші, Куба! Өзіңіз білесіз, он күндік сапарына кубалықтар тағы 20 күн қостыруға әрекеттенген, бірақ Баукең «Кездесіп те, бәрімен әңгімелесіп те, лекциямды оқып та үлгеремін, маған қосымша он күн де жетеді» деген. Сол 20 күн оқиғасының құжаттарын мүмкіндігінше «ақтаруға» үміттеніп Куба Республикасының Қазақстандағы елшілігіне де хат жолдадық. Жамбыл облыстық өлкетану музейіне қарасты Бауыржантану ғылыми зерттеу орталығының Кеңес Одағының батыры, даңқты қолбасшы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы туралы қазіргі қолға алып отырған жұмыс бағыты – осындай. Ерлік ескерусіз қалмауға тиіс!

– Байыпты да байсалды әңгімеңіз үшін рахмет.

Әңгімелескен
Талғат СҮЙІНБАЙ,
журналист, арнайы «Егемен
Qazaqstan» үшін

Egemen Qazaqstan.

Аудандағы көпті көрген, елге сыйлы, қадірменді қариялардың бірі – Жамбыл Сейітов. Жақында Жамекеңнің шаңырағында болып, өңгімелесудің сәті түсті. Мен ол кісімен алғаш рет қалай, қашан танысқаным күні кешегідей есімде. 1976 жылы Совет орта мектебіне (қазіргі Қаратөбе) жаңа директор келді. Ұжымға өзін «Жамбыл Сейітовпін» деп таныстырды. Аудандық партия комитеті оқу-тәрбие жұмысы қожыраған біздің мектептің жұмысын жолға қоюға жіберіпті. Мен ол кезде мектептің тәрбие жұмысына жауаптымын. Жаңа басшы ынтымақ-берекесі кеткен мұғалімдер ұжымын біртіндеп тәртіпке келтіріп, оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоя білді.

Таза адам



Ауданда сыннан көз ашпайтын мектеп атына мақтау айтыла бастады. Сол жылдары аудан мектептері алғаш рет кабинеттік оқыту жүйесіне көше бастаған еді. Директорымыз бұл жүйеге мұғалімдерді түгел жұмылдырды. Енді мұғалімдер сабақты көрнекіліксіз өтпейтін болды. Қосымша бөлмеде пайдаланылмай қараусыз қалған техникалық құралдарды, қондырғыларды мұғалімдер сабақтарында қолдана бастады. Бұл білім сапасының жақсаруына ықпалын тигізді. Мектептің оқу-материалдық базасы жақсара түсіп, ата-аналармен байланыс нығайды. Тың, жаңа бастамаларға жол ашылды. Шәкірттеріміз аудандық байқауларда, жарыстарда топ жарып, алдыңғы орындардан көріне бастады. Мектеп социалистік жарыс жеңімпазы атанды.

Мектептің 1 гектар жеміс бағы шарбақпен қоршалып, күтімге алынып, өнімі жиналып сатылып, мектептің қажеттіліктеріне жаратылды. Мектепке басшылық жасаған жылдары оның атқарған ең игі істерінің бірі, осында қызметке келместен 10 жыл бұрын қолға алынып, сақалды құрылысқа айналып бітпей қалған 640 орындық мектеп үйінің құрылысын қайта қолға алу үшін жоғарғы орындарға шапқылап, құжаттарын дайындатып, қаржы бөлгізуге ұйытқы болып, жаңа мектеп үйі 1980 жылы пайдалануға берілді. Ал бұл кезде Жамекең басқа қызметке тағайындалған болатын.

Өткенді еске алсақ, Ж.Сейітов Совет орта мектебіне басшылық жасардан бұрын Блинков орта мектебінің директоры қызметін атқарыпты. Бұл мектептің оқу-тәрбие жұмысын 3-4 жылда жолға қойыпты. Алайда 1976 жылы аудандық партия комитеті басшылары шақырып алып, Совет орта мектебіне директор етіп тағайындайтындарын айтады. Жамекең бұл ұсынысқа қарсы болыпты. Аудандық партия комитетінің хатшысы В.Сырканова: «Барғың келмесе, партбилетіңді үстелдің үстіне қой да, қалаған жағыңа кете бер!», – деп үзілді-кесілді талап қояды. Ол кезде партияның талабы тым қатал, айтқанымен жүріп-тұрмасаң, бар шаруаңның біткені. Амалсыздан келісуіне тура келеді.

Ж.Сейітов 1979 жылы облыстық партия комитетінің шешімімен аудандық партия комитетінің партиялық бақылау комиссиясының төрағасы лауазымдық қызметіне тағайындалды. Жауапкершілігі ауыр бұл қызметті де абыроймен атқарды. Партия мүшелігіне ең лайықты дегендерді таңдауға көңіл бөлді.

Жамекең 1987 жылы Көксәйектегі кәсіптік-техникалық училище директоры қызметіне тағайындалды. Жұмысшы мамандықтарын дайындайтын бұл оқу орнында да көптеген игі істерді қолға алды. Кәсіптік мектептің оқу-тәрбие жұмысын жолға қоюға бірінші кезекте мән берді. Мұғалімдер мен шеберлердің білімін жетілдіре түсуді жолға қойды. Қосымша оқу корпусы, мәжіліс және спорт залы салынды. Асхана кеңейтіліп, тамақ мәзіріне көңіл бөлінді, жатақханаға жөндеу жұмысы жүргізілді. Оқу-өндірістік базаны жаңа техникамен, құрал-жабдықтармен толықтырды. Шәкірттердің өндірістік практикасына ерекше назар аударылып, нағыз мамандар дайындауға көңіл бөлінді.

Жамбыл қария 1997-1998 жылы аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарды. Бұл кезде білім саласына жаңа заманға байланысты өзгерістер, оқытудың озық технологиялары, білім берудің жаңа тәсілдері енгізіле бастаған еді. Ауданда дарынды балалар мен тұрмысы нашар отбасы балаларына арналған «Болашақ» мектеп-интернатының ашылуына байланысты Жамекеңді тәжірибелі педагог ретінде осы білім беру мекемесіне басшылық жасауға жіберді.

Жамекең 2003 жылы құрметті еңбек демалысына – зейнеткерлікке шықты. «Енді бұдан былай тып-тыныш үйде отырып, немерелерімнің қызығын көремін», – деп өзінше жоспарлаған болатын. Алайда өз ойлағанындай болмай шықты. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Идаят Айтқұловтан шақырту алды. «Жамбыл, сен талай лауазымдық қызмет атқардың, көпшілікпен етене араластың, өмірден көргенің көп, тәжірибең мол. Енді осының бәрін ардагерлермен жұмыс істеуге арна», – деді. Ол ағасының ұсынысын жерге тастай алмады. Осыдан кейін Ленгір қаласы ардагерлері бас қосқан жиналыста Ленгір қалалық ардагерлер кеңесінің төрағалығына бірауыздан сайланды. Көпшілік артқан сенім үдесінен шығу оңай емес. Күнделікті таңертең сағат тоғыздан кешкі алтыға дейін жұмыс орнында болады. Арыз, шағым, өтінішпен келген ардагерлерді қабылдап, мәселелерін шешу үшін түрлі мекеме басшыларымен байланыс жасады. Ол кездері әлеуметтік-тұрмыстық проблемалар шаш етектен болатын. Қолдан келгенше көмек қолын созды. Ардагерлердің бос уақыттарын тиімді өткізуге ерекше ден қойды. Спорт түрлерінен жарыстар өткізді. Айта берсек, бір күні де бос өтпеді. Ленгір қалалық ардагерлер кеңесіне 15 жыл бойы төрағалық етті.

Ж.Сейітов кезінде атқарушы билік қайда, қай қызметке жіберсе де, мінсіз атқаруға күш жұмсады. Осы жылдар ішінде жауапкершілігі мол 12 қызмет атқарып, үнемі көшіп-қонып жүріпті. Қолында билігі бар кезінде өзіне жекеменшік баспана салып алуды да ойламапты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жекешелендіру науқаны басталғанда бір күні облыстық білім бөлімінің басшысы: «Жамеке, отырған үйіңізді жекешелендіріп алмайсыз ба?», – деп қоңырау шалғаннан кейін барып «Бір күні далада қалып қоямын ба?!», – деп жекешелендіру комиссиясына құжат тапсырғаны бар.

Жамбыл қария биік белестерге зайыбы физика пәнінің мұғалімі Жарқынқұл Көбетаева екеуі шаңырағын шаттыққа бөлеген тату-тәтті отбасын құру арқылы жетті. Отбасында екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Бәрі де жоғары білім алып, өмірден өз орындарын тапты.

Жарқынқұл Көбетаева зейнеткерлікке шыққанша ұстаздық етіп, Қазақ ССР-і Оқу министрінің грамотасымен марапатталды. Анаға бәрінен қымбаты үлгілі бала тәрбиелегені үшін Қазақ ССР-і Ішкі Істер министрінің «Үздік офицердің анасы» медалімен марапатталуы еді.

Ж.Сейітов 5 рет аудандық кеңестің депутаттығына сайланды. Төлеби ауданының Құрметті азаматы атанды. Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының грамотасымен марапатталды. Басқа да марапаттары жетіп артылады.

Бүгінде 85 жастың төріне шыққан қария өзін тың, ширақ сезінеді. Қазына қария әлі де үйінде тып-тыныш отыра алмайды, үнемі көпшілік бас қосқан ортадан табылады. Өзінен кейінгілерге, жастарға ақыл-кеңесін айтудан ешқашан жалыққан емес. Аудандық ардагерлер кеңесінің ең белсенді мүшелерінің бірі. Біз Жамекеңе Жамбыл ақындай ұзақ ғұмыр көшіп, ұрпақ қызығын көре беріңіз дегіміз келеді.

К.ЕЛІКБАЕВ.

Шыңғысхан мен Әмір Темір жақын аталас туыс

Тэмудзин (кейде Тэндзин) бір оқылуында – аспан адамы деген мағынада. Шыңғысханды Пір тұтатын жапондар «Ұлы қаған Моңғол мемлекетінің негізін қалаған, бірақ ол моңғол емес» дейді. Шыңғысханның екінші аты Куроуханкан екен. Куроу би, абыз, қазы, әділ билеуші дегенді білдіреді. Шыңғысханның тоғыз шашақты ақ туы болғандығы белгілі. Жапондық ғалымдар осыған ұқсас тудың басқа халықтарда барлығын іздестіре келе «моңғолдарда бұндай байрақ болмаған» деп қорытынды жасапты. Өйткені мұндай ту түркілерде болғанмен, моңғол әскеріне тән емес деседі. Бірақ бұл туды Сэйва Гэндзи руының самурайлары ұстағандары айтылыпты. Шыңғысханның жапон тілінде таңбасын «сасариндоу» деп атайды. Жапондар бұл таңбаны да өбден зерттеу нәтижесінде моңғол тарихында болмағаны анықталып, Шыңғысханның моңғол еместігінің тағы бір дәлелі деп атап көрсеткендігі еді.

Соңғы үш ғасырда зерттеушілердің «Моғол» сөзі мен «Моңғол» сөзін шатастыруынан Шыңғысханды Моңғол деген өрескел қателіктерге «Құрметті академик» Тілеуберді Әбенәйұлы (1964–2021 ж.) нүкте қойды («Қазақ әдебиеті», 09.2022 ж.). Шыңғысханның түрік тайпасынан шыққанын, Қаған ордасы «Қарақорым» қаласы Моңғолияның қиыр шығысында емес, Жетісу жері – Іле алқабында екенін дәлелдепті. Нақтыласақ Қазақстанның Жаркент қаласы мен Қытайдың Құлжа қаласының арасы – ортағасырлық Моғолстан мемлекеті – Алмалық қаласының маңы екенін тұжырымдады.

Өз тарихымыздан жасқана, өзгелерден сескене қашып жүре беретін қисық-қыңыр көзқарасты аурудан арылу әрекетін табуымыз керек. Ол ауру жайлы жасыратыны жоқ «сырт көз сыншы» демекші, Жолымбет Мөкіштің «Қазақ әдебиеті» газетінде «Бұл – абсурд!» (№31, 12 тамыз 2022 ж.) аударма мақаласы жарияланды. Онда жапон түркологі Наката Око: «Тарихшы ретінде айтатын болсам, маған қазақтар өзінің ұлттық ерекшелігін, тілін жоғалтып алған халық секілді көрінеді. Сіздер – адасқан, жолынан жаңылып қалған халықсыздар, меніңше, халықты не қасақана тарихи жадынан айырып тастаған сияқты», – деп ана тілімізді менсінбей, орысша білуге тартылысымыздың күштілігіне орай тамырынан ажырап қалған деңгейімізге назар аудартыпты. Дәлелді пікірді мойындамасымызға амал жоқ. Тіл мәртебесін біржолата шешіп алу үшін халыққа тарихын оқытып, ұлтты ең алдымен соған ынталандыру керектігін атапты. «Тарихи шындық қалпына келсе, мемлекеттік тіл де өз жолын тауып, ол бара-бара ұлтты ұйыстыратын факторға айналып шыға келеді», – дегені жапон тарихы мен тілі мәселесіндегі тәжірибелерімен бөліскені – жанашырлық.

«Платиналы Тарлан» тәуелсіз сыйлығының лауреаты, ақын, сазгер, драматург, «Қазақстанның құрметті жазушысы» атағы мен Алаш сыйлығының иесі Исраил Сапарбай қоғамның бүгінгі рухани болмысына алаң көңілін жазбаларымен білдіріп келеді. Ұлт мұрасын насихаттауда тарих қойнауында жатқан, осы күні ғылыми айналымға енген шетел архивтеріндегі деректерді зерттеу ісі ақын өмірінің бір қыры болғандығы аңғарылады. Өкінішті ой өзегіндегі тебіренісінде Шыңғысхандай ұлықзаданың адамзат баласының зерттеу, зерделеу объектісіне айналғанына, құдай-ау, қанша ғасыр, қай заманнан дамылсыз көлденең көк аттыларды былай қойғанда, тарихшылық тарапынан өлі күнге төбеге келерлік бір тоқтам болмай тұрғанына мазасызданады. «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Жаңғыру мен жаңару» (№18, 30 сәуір 2021 ж.) ғылыми мақаласында ұлы тұлға Шыңғысхан жайында: «Бізге рухшылдық керек пе, бізге рушылдық керек пе? Дәл мынадай «сен тұр, мен атайын» жазатайым заманда? Шындыққа жүгінесек, Шыңғысхандай рухы ұлы ұстынымызды кеудеден неге кері итере береміз? Төңірдің қалауымен, Тарихтың талабымен өзі бетін бері бұрып тұрған шақта?! Өздерін тарихшымыз деп жүргендердің бұл турасындағы ой-пікірлері мен көшелі көзқарастары неге ала-құла? Өлде, бұл тараптағы білім-біліктері тақыр-таяз ба? Анау бір жылы өзбек жұрты Әмір Темірдің 660 жылдығын тойлап жатқанда да осындай бір қисық-қыңыр көзқарас бой көрсетіп қалып еді... Бар ғой бізде, жоқ болса бір сәрі... Ұлы Рухтың төркін-тегін айтам! Талапты ұрпақ, тағдырлы ел ең алдымен Ата дәстүр, Баба-Рухқа тағзым етер болар!..

Тағы да айтам: бақты қайдам, рухты алыс-шалғайдан іздеп әуре болмаңыз. Олар бізде, мына өзімізде! Кеше түсімізде еді, бүгін ішімізде, ертең күшімізде болса игі!.. Алла нәсіп қылып, ата-бабамыз қасық қанын төгіп жүріп қара жердің бір пұшпағын мың болғыр ұрпағына бұйырты. Бұдан артық біз жазғанға не керек?!», – депті. Еттен өтіп, сүйекке жететін сөз.

Әмір Темірдің осы күнге дейін біздің ұғымымызда айтулы жаулап алушы, әйгілі жаһангер есебінде Александр Македонский (Ескендір Зұлқарнайын), Шыңғысхан, Батулармен бірге аталатыны белгілі. Өкінішке орай, тарих оқулығының бірер беттерінен

болмаса, сол айтылғандардан басқа деректер беймәлім болып келді. Біржақты қырынан – қаһарынан қан тамған қатыгез қанішер түрінде көрінді.

«Әмір Темір аманаты» қазақ тіліне өзбекше нұсқасынан тұңғыш аударған И.Сапарбайдың 2022 ж. «Әмір Темір» кітабында Әмір Темірдің есімсойы, атақ – даңқы, тіпті, дерек-дақпырты Шыңғысханмен бір деңгейде ауызға алынатындығын асып не артық айтқандық еместігін және тамыры мен төңірі еріден бірге тамыр тартып жатқанын біле алатынымызға нан-дырады.

«Түзуки Темури», «Әмір Темір қағидалары» немесе «Темірдің басынан кешкендері» аттарындағы тарихи дүниелер Шығыстың да, Батыстың да назарына ерте іліккендігін дәл қазір Англия, Франция, АҚШ, Финляндия, Дания, Иран, Үндістан, Туркия, Египет, т.б. көптеген елдердің кітапханаларынан ұшыратуға болады. «Әмір Темірдің аманаты» ұзын-ырғағы – он сегізінші ғасырдан (кейбір деректерде онан да ертеректе) бері әлем тарихшылары мен зерттеуші ғалымдары назарында келеді. Темір мен Тоқтамысхан (Шыңғысхан әулетінен) арасындағы ұрыс-соғысты жазған француз шығыстанушысы М.Шармуа мен орыс әскери тарихшысы М.И.Ивачкин (1801-1874) «Аманатты» Әмір Темірдің өзі жазған, бұл – бір жағы өмірбаяндық өсиет» дегенді айтады. Ал батыс ғалымдары (Э.Г.Браун, В.В.Бартольд) зерттеулерінде қарсы пікірде. «Темір түзіктерінің жазылуына зерттеуші ғалымдар тұңғыш рет түркі тілінде жазылды десе, ендігі біреулері – парсыша түзілген дегендерді алға тартады. Қалай десек те бұл дүние Әмір Темір жайындағы жаңа жазба, тың дерек болып, танылып отырғанын автордың өзі: «Ол бізге, яғни бүгінгі күнге ғасырлар қатпарынан аршып алынып, жылдар керуенімен келіп жетті. Өйткені өмір өлмейді, оның тамыры – тарих, дарағы – дерек»...

Оқырман «Әмір Темір аманаты» шығармасынан Темірдің өмір тарихы, жорық жолдары, әскер түзу тәртібі, жаһангерлік қыры мен сыры, оның заманындағы Мәуераннаһыр мемлекетінің ахуал-ауқымы, т.б. жайында бұрын-соңды беймәлім тұстарынан жаңа мәлімет алады.

«Әмір Темір аманаты» қазақ тіліне өзбекше нұсқасынан тұңғыш рет аударылып отырғанын шығарма дерегінен хабардар еткенде, мұны әуелі парсы тілінен өзбек тіліне Шығыс тілі білімдарларының бірі – Әлихан Төре Сағұни аударған болатын. Кейін бұл жазба түзетілген, толықтырылған түрінде Хабибулла Қараматов тарапынан қайта аударылып «Шарқ юлдузи» журналының 1989 жылғы сегізінші санында басылды.

Әмір Темір Орта Азияның әміршісі атанған әйгілі ұлы адам Темір немесе Әмір Темір көреген (гураган), Сайыпқыран, Темірлан, Жаһангер, Хазіреті Темір... 1336 жылы 25 сәуірде Қашқадария облысында қарапайым түркі отбасында дүниеге келген. Әкесі – Тарағай, шешесі – Текін-хатун. 1397 жылы моңғол ханы Қызыр қажының қызына үйленді. Оны Түкел ханымға қоса кіші ханым атады. Ханның ұрпағы болмағасын, Темір хан тағына ұмтылған емес. Тек әйелі хан тұқымынан шыққан соң «гүргейн» – ханның күйеу баласы деген лауазымды иеленеді. 1370 жылы Темірдің ұлы Сүйірікатмыш ресми түрде хан болып жарияланады. 1388 жылы ол қайтыс болғаннан кейін таққа оның ұлы – Сұлтан-Махмұд отырды. Ол 1402 жылы қайтыс болды. Оның өлімінен кейін ешкім хан болып жарияланбады. Әмір Темір Азия кеңістігін көктей өтіп Қырымнан сонау Ұрымға бір-ақ жеткен Жиһанкез, адамзат қауымы арасында Шыңғысхан және оның ұрпақтары Орта Азия аумағында 150 жылдай билік құрған кездің соңғы сорабында дүниеге келген әлемдік ауқымдағы ұлы тұлға.

Әмір Темірдің жорықтары өмірінің 70 жасының (1406 ж.) соңғы сәтіне дейін тоқтаған емес. Ұлы сардар санатындағы өмір тарихы, әскери жорықтары мен іс-амалдары, жан-жақты тұлғалық қасиеттері жөнінде Ол тірі кездің өзінде-ақ тарихи-шежірелік құндылықтарға қатысты жазбалар қағаз бетіне түскен болатын. Өмірінің соңғы сәтіне дейін Әмір Темірдің жорықтары тоқтаған жоқ. Темір соғыс ісінің айла-тәсілін тамаша меңгерді. Әскерінің бағытын да жан баласы білмейтін. Соғыстың қаншама қаталдығына қарамастан оның батырлары мен жауынгерлерінің ерен ерлігі мен жаужүректігін, өз әміршісіне шын берілгенін, басып алған жауларына қалай қарағандығын да тарихшылар талай жазды. Темірді басқыншы деп те атады. Ашығын айтсақ, Темір әлемге өркениеттіліктің үлгісін көрсетті. Біртұтас аймақ, біртұтас дін, біртұтас мәдениет болса ғана империяның нығая түсетіні сөзсіз еді. Бұдан империя құрамындағы ешкім де зиян көрмейтіні анық.


Тарих шежіре шеруімен бірігіп, қай кез, қай заманда да бірін-бірі толықтырып отыратындығы дереккөздермен дәлелденіп отыр. Шежіре мен тарих үндессе ғана аңыз ақиқатқа айналады. Бұл дүниелердің қай-қайсысы да келешек ұрпаққа таптырмас қазына. Бұл үрдіс кейін – оның ұлы Шахрух кезінде де жалғасын тапты. Танымал тарихшылар Низамуддин Шамийдің

«Зафарнама», Хафизі Абрудың «Зубдат ат-тауарих», Шарафуддин Әли Яздийдің «Зафарнама», Фасих Ахмад Хавофийдің «Мужмали Фасихий», Абдураззақ Самарқандидің «Матла ас-саъдайн», Ибн Арабшахтың «Ажоип әл-мақдур» сияқты тарихи жазбалары сол дәуірде-ақ әлем назарында екендігін айтады. Әли Яздий Әмір Темірдің түрік сұлтандары тұқымынан және ұлы қаһандар әулетінен екендігін ескере отырып, өзгенің де назарын аударуды мақсат еткені анық.

Әмір Темір өз өмірінің тең жартысын (35 жыл) ат үстінде өткізген, осы жылдарда үлкенді-кішілі 27 мемлекетті өз дәрегейіне бағындырған, ұрыс, соғыс амал-тәсілдердің 24 түрін ойлап тауып, әскері әлеуетін 400 мыңға жеткізген Жаһангер.

Шахобиддин Абдуллах ибн Лутфуллах ибн Абдурашид. Лақабы Хафизі Абру. Әуелгіде Әмір Темір қызметінде болып, кейінірек Шахрух сарайында танымал тарихшы атанған. Оның «Зубдат ат-тауарихи Байсунғурий» («Байсунғұр тарихының таңдамалылары») Әмір Темірмен Шахрух жорық жолдары, «Мажмаъ ат-тауарихи султания» («Сұлтандар тарихының топтамасы»-ның) төртінші кітабында анық көрсетілген.

ӘМІР ТЕМІР АТА-БАБАЛАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ



(Жалғасы келесі санда).

**Жақсылық
СЫДЫҚБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі.**



Сайлау — кез келген демократиялық мемлекетте жүзеге асырылатын негізгі саяси процесс. Бұл азаматтардың билікке қатысуының, өз еркін білдіруінің басты тетігі. Қазақстан Республикасында сайлау құқығы әрбір азаматқа Конституциямен кепілдік берілген, бұл құқық ел тағдырын анықтауда шешуші рөл атқарады.

Сайлау арқылы халық Парламент депутаттарын, Президентті, жергілікті мәслихат өкілдерін, әкімдерді

Сайлау – демократияның негізі

таңдайды. Бұл – елдің даму бағытын айқындайтын маңызды шешім. Әрбір сайлау – халық пен билік арасындағы сенімнің көрсеткіші, елдегі тұрақтылық пен ашықтықтың айғағы.

Сайлау жүйесі ұғымы әдетте екі – тар және кең мағынада қолданылады. Кең мағынада сайлау жүйесі дегеніміз – Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу мен ұйымдастыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесі. Оған сайлау комиссияларын құру мен олардың қызметі, сайлау округтерін, учаскелерін құру, сайлау алдындағы үгіт-насихат, сайлаудың қорытындыларын анықтау, т.б. жатады. Тар мағынада сайлау жүйесі дегеніміз – сайлауға қатысқан кандидаттардың немесе саяси партиялардың жеңімпаздарын анықтау жүйесі. Бүгінгі таңда әлемде мажоритарлық және пропорционалды сайлау жүйелері кең тараған.

Мажоритарлық жүйе – сайлаушылардың басым көпшілігі дауысын берген кандидат сайланған болып саналатын сайлау жүйесі. Ол көптеген елдердің президент, парламент депутаттарын сайлауда қолданылады.

Пропорционалды сайлау жүйесі дегеніміз – сайлауда ұсынған партиялық тізімге сәйкес саяси партия Парламентте депутаттың мандат сайын иеленетін сайлау жүйесі.

Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын, әкімді, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаған кезде сайлаушылар тізімі жасалады. Сенат депутаттарын сайлау кезінде таңдаушылардың тізімдері жасалады.

Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдерін дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда тиісті сайлау комиссиялары танысу үшін сайлаушыларға береді.

Президенттікке, Парламент және мәслихат депутаттығына, әкім болуға, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат, партиялық тізімін ұсынған саяси партия өзінің болашақ қызметінің

сайлау алдындағы бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы бағдарламада Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары уағыздалмауға

тиіс.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден, саяси партияның партиялық тізімін тіркеуден бас тартуға, ал кандидат немесе саяси партия мұндай сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда кандидатты немесе партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы.

Дауыс берушілер сайлау бюллетеньдерін жасырын дауыс беруге арналған кабиналарда толтырады. Оларды толтыру кезінде дауыс берушіден басқа кімнің болса да кіріп тұруына тыйым салынады. Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы (таңдаушы) өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы, оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сайлаушының (таңдаушының) бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылады.

Сайлау процесінде азаматтардың белсенділігі ерекше маңызды. Себебі әрбір дауыстың салмағы бар. Бұл – өз болашағына немқұрайлы қарамайтын адамның азаматтық жауапкершілігі. Қоғамда әділеттілік пен заңдылықтың орнығуы үшін де сайлау – маңызды құрал.

Қазақстанда сайлау науқандары әділ, ашық және халықаралық стандарттарға сай өтуі үшін Орталық сайлау комиссиясы және өзге де мемлекеттік құрылымдар ауқымды жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар, үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары қоғамның өзекті мәселелеріне жауап іздеуге бағытталған.

Сайлау – қоғам өмірін жақсартуға бағытталған саяси науқан, сонымен қатар әр азаматтың ел болашағына қосар үлесі. Сондықтан сайлауға қатысу – тек құқық емес, үлкен жауапкершілік.

Г.РҮСТЕНБЕК,
аудандық білім бөлімінің әдіскері,
аудандық аумақтық референдум
комиссиясының мүшесі.

Кәсіби маман, көпбалалы ана, ибалы келін

● 2025 – Жұмысшы мамандықтар жылы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы халыққа Жолдауында 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялағаны баршамызға мәлім. Бұл – қарапайым еңбек адамына деген құрметтің белгісіндей. Президент: «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағида-тына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді», – деп, осы жылдың маңыздылығына ерекше тоқталып өтті. Демек, қоғам болып, әртүрлі салада тынымсыз еңбек етіп, ел игілігіне тер төгіп жүрген жандарға назар аударып, оларды да елеп, ескергеніміз абзал.

Ал осындай еңбекқор ел адамдары арамызда аз емес. Солардың бірі – отыз бес жылға жуық медбикелік қызметін адал атқарып жүрген асыл жан Өнербаева Зәуреш Бекенқызы. Ол 1972 жылы 3 желтоқсанда Шымкент қаласында дүниеге келген. 1990-1992 жылдары Шымкент медициналық училищесінде білім алып, өзінің мейірбикелік еңбек жолын бастап, бүгінде үлкен тәжірибесі бар білікті маманға айналды. Зәуреш Бекенқызы 1993 жылдан бері Төлеби аудандық

ауруханасында қызмет етіп келеді. Алғашқы еңбек жолын гинекология бөлімінде бастаған ол қазіргі таңда аурухананың реабилитациялық бөлімшесінде еңбек етіп жүр. Әр науқасқа ерекше жанашырлықпен қарап, кәсіби тұрғыда көмек көрсетіп жүрген алтын жүректі жан.

Зәуреш Өнербаева – медицина қызметкері ғана емес, үлкен әулеттің ұйытқысы болып отырған ибалы келін, көпбалалы ана. Күллі қазаққа аты таныс, ауданымыздың мақтанышы – Өнербаевтар әулетінің қара шаңырағының түтінін түтетіп, медбикелік қызметімен қатар жолдасы Жеңіс Өлтайұлымен үйдегі абыз ақсақал мен алтын құрсақты анамызға қарап, бес баласын аяққа тұрғызып, үлкен азамат етіп өсірді. Балалары еліміздегі беделді оқу орындарында мемлекеттік грантпен оқып, шетелде де тәжірибеден өткен. Бүгінде олар Қазақстанның алдыңғы қатарлы жұмыс орындарында табысты еңбек етуде. Олардың үш баласы отбасын құрып, ата-анасына немере сүйдірді: бір ұл және бір қыз немересі бар. Бұл – ананың махаббаты мен мейірімнің, тәрбиесі мен төзімінің айғағы деп білеміз.

Бүгінде тоқсанға таяған енесіне



аяулы келін ретінде ерекше күтім жасап отырған Зәуреш Бекенқызы – тек өз отбасы емес, ауыл-аймақтың да алғысына бөленген жан. Ақ жаулықты енесіне қамқорлығын аямай, үлкенге құрметтің нағыз үлгісін көрсетіп жүр. Отбасылық шаруашылықта да белсенді. Үйде мал ұстап, бау-бақша өсіріп, жыл сайын қысқа көкөніс пен жемістерді дайындап, ауыл тіршілігінің бар шаруасын тиянақты атқарып келеді. Ағайын-туыс, құда-жекжатпен қарым-қатынасы да ерекше.

Өнербаева Зәуреш Бекенқызы – көпбалалы ана, еңбегімен еленген кәсіби маман, бір әулеттің берекесін еселетіп жүрген инабатты келін. Оның өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге, сабыры мен еңбегі – әрбір жанға үлгі.

Мемлекет басшысының бастама-сымен жарияланған биылғы «Жұмысшы мамандықтары» жылында осындай қарапайым еңбек адамдарын халыққа танытып, тиісті құрмет көрсеткеніміз жөн. Себебі қоғам осындай көзге көрінбес, тынымсыз әрі ерен еңбегімен елге қызмет етіп жүрген жандардың арқасында ғана дамиды. Осыны бағалап, Зәуреш Бекенқызындай аяулы жандарды өскелең ұрпаққа үлгі етуіміз қажет!

Ә.БАХТИЯР.

Жылдық асқа шақыру



Әр адам үшін әкенің орны бөлек. Шариғатта әкеге лайықты құрмет көрсету, көңіліне қаяу салмау бұйырылған. О дүниеге кеткен соң да марқұмдарды еске алып, құран бағыштап тұру – артында қалған ұрпақтарына міндет.

Ардақты әкеміз **Керімжан ҚАЛТАЙҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанына бір жылдың жүзі болып қалыпты.

Асыл әкемізді қимастықпен еске ала отырып, барлық ағайын-туыс, нағашы-жиен, құда-жекжат, жора-жолдастарды, әкемізбен сыйлас болған барша жамағатты **2025 жылғы 23 мамыр күні сағат 18.00-де Ленгір қаласы, Қырықбаев көшесі, №23 үйдегі өз шаңырағында өтетін қонақасына, 24 мамыр күні сағат 12.00-де Ленгір қалалық емханасының қарсы бетіндегі «Алтын босаға» мейрамханасында өтетін бір жылдық асына шақырамыз.**

Біздер үшін асқар едің, шың асқақ,
О дүниеде орның болсын жұмақ бақ.
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік
Кеттің, өке, жанымыздан жырақтап.

Жан әке, жарқын бейнең жадымызда,
Аруақты қадір тұту салтымызда.
Біздерде одан асқан тілек бар ма?
Жұмақ төрін сыйласын сізге Алла...

Шақырушы: ұл перзенттері.

Шипажайға жолдама

Төлеби ауданы орталық «Нұр» мешітінің ұйымдастыруымен, ауданның бас имамы Үсен Саурбаев «Шипажайға жолдама» атты жоба негізінде Қазақстан мұсылмандар Діни басқармасының құрылғанына 35 жыл толуына орай, ардагер имамға құрмет көрсету мақсатында «Шораұлы Құл Омар Дамылла» мешітінің имамы Исмаилов Назируллаға Тараз қаласындағы «Айша бибі» шипажайына жолдама табыс етті. Қазіргі уақытта Назирулла имам шипажайда демалып, емдік шараларын қабылдауда.

Ардагер имам ел үшін атқарған еңбегінің еленіп, құрмет көрсетілгеніне, игілікті іске атсалысқан басшылық құрамға шынайы алғысын білдіруде. Осы жобаға демеушілік танытқан шипажай басшылығының отбасыларына амандық, көсіптеріне береке тіледі.

«Төлеби-ақпарат».

Жарамсыз деп табылсын

Байдұлла Дәулет Қайнарұлына 2023 жылғы 19 желтоқсанда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №055215967 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Тибоев Ахмет Асхабовичке 2022 жылғы 16 қыркүйекте ҚР Ішкі істер министрлігі берген №051717659 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Османов Ислам Шакировичке 2020 жылғы 26 тамыздағы ҚР Түркістан облысы Жол полициясы берген XR сериялы №00062946 жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Ақайдар жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қайыпбекова Гүлжайнаға анасы

ЕРЖАНҚЫЗЫ Анаргүлдің

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып қайғысына ортақтасады.

Төлеби ауданының білім бөлімі осы мекеменің есепшісі Байжігіт Мұхаммеджан Мұратұлына апасы **ШӘРІКҮЛДІН** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Қазығұрт жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің директоры Қарабаев Марат Жансейітұлына қайын енесі, үйірме жетекшісі Қайыпбеков Бағдатқа анасы

ЕРЖАНҚЫЗЫ Анаркүлдің

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Жуырда денсаулығым сыр беріп, дәрігерлерге қаралуыма тура келді. Нәтижесінде Ленгір қалалық ауруханасының жұқпалы аурулар бөліміне түстім. Жұқпалы аурумен күресу оңай емес екені баршаға мәлім. Дегенмен осы ауыр кезеңде мені қолдап, емдеп, әр сәт жанымнан табылған осы бөлімнің қызметкерлеріне мың алғыс.

Бөлім меңгерушісі Нышанова Эльвира Жандарқызы мен кезекші дәрігер Мыраманова Бағилаға, аға медбике Серғазиева Гүлмираға,

Абзал жандарға алғыс!

Бекбауова Жансая, Сұлтанбекова Зүлфия, Досалиева Гүлназ, Ганиева Дильфуза, т.б. медбикелерге ерекше ризашылығымды білдіремін.

Дәрігерлердің байыпты, сабырлы, кәсіби әрекеттері, медбикелердің мейірімді қарым-қатынасы, бөлімде тазалық сақтап жүрген техникалық персоналдың көзге көрінбейтін, бірақ маңызды еңбегі олардың жауапкершілік пен тиянақтылықты ұстанатын, бірлігі жарасқан ұжым екенін көрсетеді.

Осындағы барша медициналық қызметкерлердің қамқорлығы, жылы сөзі – науқастың тез сауығуына күш беретін ең шипалы «дәрі».

Бөлімнің шаруа бикесі Сартаева Дильфуза басқаратын техникалық қызметкерлердің еңбегі мақтауға тұрарлық. Бөлімде мұнтаздай тазалық пен реттілікті қамтамасыз ететін тазалықшы Хасанова Шахноза, Амангелдиева Гүлдария, Отарбаева Ұмсын, Байсбекова Назираға емделушілер ден риза.

Осы бөлімнің барша қызметкерлеріне мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, әр күні жақсылық пен қуанышқа толы болсын деп тілеймін.

Күн-түн демей, дамыл таппай, науқастар үшін алаңдап, әрқайсымыздың қасымыздан табылып жүргендеріңіз – сіздердің нағыз кәсіби және адамгершілік қасиеттеріңіздің айғағы.

Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз, науқас жандарға деген жанашырлықтарыңыз үшін зор алғысымды білдіремін! Сіздер – қоғамның шын мәніндегі тірегі, денсаулықтың қырағы күзетшісіздер. Еңбектеріңіз еленіп, дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын!

**Емделуші Розмат ҚАРАБАЛАЕВ,
Сұлтанрабат ауылының тұрғыны.**

Тағы бір жарқын жеңіс!

«Алтын түлек» математикалық олимпиадасы математика пәні бойынша қабілетті балаларды анықтап, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын қолдау, жоғары сынып оқушыларын ғылымға баулу және педагогикалық, инженерлік-техникалық мамандықтарға қызығушылықтарын ояту мақса-

тында жыл сайын өткізіледі. Осы олимпиаданың республикалық кезеңінде Бірінші Мамыр жалпы білім беретін мектебінің озат шәкірттерінің бірі – 10-сынып оқушысы Алшынбек Нұрсезім II дәрежелі дипломмен марапатталып, Дубайға жолданы ұтып алды.

Оқушымыздың бұл жетістігі –

үздіксіз еңбектің, сапалы білім алуға деген ынтаның және кәсіби ұстаз Сатыбалдиев Талғат Өмірәліұлының берген білімінің, бағыт-бағдарының нәтижесі.

Шәкіртіміз Нұрсезім Алшынбекке және әріптесіміз Талғат Өмірәліұлына алдағы уақытта да шығармашылық шабыт пен үлкен табыстар тілейміз!

Шәкірттеріміз спортта да алда!



Бірінші Мамыр жалпы білім беретін мектебінің оқушылары еркін күрестен КСРО-ның ХДСШ, ҚР спорт қайраткері М.Абдул-Муслимов пен КСРО-

ның спорт шебері Д.Бачиевті еске алуға арналған «Абадан» спорт академиясының республикалық ашық турниріне қатысты. Шәкіртіміз Мұқтар Мардан 28 кг салмақ дәрежесінде I орынды жеңіп алды. Тағы бір шәкіртіміз Қуандық Хантемір еркін күрестен Жұбай ата Байдәулет атындағы 2016–2017 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық турнирдің I орын иегері атанды.

Бұл додалар жігер, төзімділік, қайсарлық пен спорттық рухтың нағыз сынағы болды!

Салауатты өмір салтын насихаттайтын осындай жарыстарда болашақ чемпиондарымыз шыңдалып, шынығады.

Біз жас балуандарымыздың бұл жеңістерін зор мақтанышпен қабылдаймыз! Алдағы жарыстарда да жеңіс тұғырынан көрініп, биік белестерді бағындыруына тілектеспіз!

Жарайсыңдар, жас балуандар!

**Г.ҚАДЫРБЕКОВА,
Бірінші Мамыр жалпы білім беретін
мектебінің қосымша білім беру педагогы.**

Кеңесарық ауылының тұрғыны, аудандық мәслихаттың депутаты Талғат Манкеев демалушылық жасап, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай Қасқасу және

Редакция почтасынан

несінде болып, аруақтарына құран бағыштады.

Бұдан кейін аталар мен әжелер облыс орталығы Түркістан қаласының көрікті орындарын аралап көріп, Қ.А.Ясауи мавзолейінде

Қарияларға құрмет



Тасарық ауылдық округінің бір топ қарияларын – жасы келген аталар мен әжелерді Түркістан облысындағы киелі орындарға тәу етуге, ата-бабалардың әруақтарына құран бағыштауға алып барды.

Екі автобус толы қарттар ең алдымен Қарамұрттағы Жаныс бабаның, одан соң Сайрамдағы Қожа Ахмет Ясауидың ата-аналары Ибрахим шейх пен Қарашаш (Айша) ананың, одан соң сапарларын жалғастырып, пірлердің пірі – Арыстанбаб әулиенің кесе-

болып, осында жерленген ұлы тұлғалардың аруақтарына арнап құран оқыды.

Талғат бауырымыз сапар барысында қарияларға қолдан келгенше қолайлы жағдай жасап, түскі тамаққа дәмханаға алып баруды да ұмытқан жоқ. Ауыл қариялары қашанда жандарынан табылып, жерлестеріне көмек қолын созуға дайын тұратын халық қалаулысына деген ризалықтарын білдіріп, ақ батасын берді.

С.ҚОНЫСБАЕВ.

Тасарық ауылдық округі.

Гаухар – Гран-при иегері

Көрнекті жазушы, журналист, аудармашы, «Алаш» әдеби сыйлығының және «Түркі әлеміне қызмет» сыйлығының иегері, «Құрмет», «Парасат» және «Барыс» ордендерінің иегері Мархабат Байғұттың туғанына 80 жыл толуына орай облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен, облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы және «Медиакратия» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мархабат оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауы өткізілді. Байқау жазушының рухани мұрасын көңінен насихаттап, жас ұрпақты көркем әдебиетті сүйеге, сөз өнеріне құрметпен қарауға баулуды мақсат етті. Аталған байқауға аудандық кітапхана және Бірінші Мамыр ауылдық кітапханасының оқырманы, Бірінші Мамыр жалпы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Гаухар Ералхан қатысты. Байқауда Гаухар өзінің ерекше талантын көрсете білді. Байқаудың иллюстрациялық сурет бағытына қатысқан Г.Ералхан жазушы шығармаларына арнап салған суреттері үшін Гран-при жүлдесін жеңіп алды. Гаухардың салған суреттері тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, мазмұн тереңдігімен, шығарманың мәнін аша білуімен де ерекшеленді. Қазылар алқасы оның көркемдік талғамын, шығармашылық ізденісін жоғары бағалап, бұл жеңісті әділ деп таныды.

Гаухар кітапханада өткізілетін барлық мәдени-ағартушылық іс-шараларға тұрақты түрде қатысып, өзінің белсенділігімен, жауапкершілігімен ерекшеленіп келеді. Қандай іс-шара болсын, әдеби кештерден бастап сурет көрмелеріне дейін Гаухардың қатысуынсыз өтпейді. Осындай ізденімпаз, дарынды жастар көбейсе, ұлттық руханиятымыздың болашағы жарқын болмақ. Гаухар Ералхан – рухани ортаның мақтанышы, ұрпаққа үлгі болатын жас тұлға.

**Р.СӘРСЕБЕКОВА,
аудандық кітапхана библиографы.**



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 “Б” үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы
8-701-408-72-32**

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 2974 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.